

Жияшева Жанар Шораевнанын
6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім
ортасын жобалауға даярлау» атты тақырыбындағы диссертациясына

АНДАТПА

Зерттеу тақырыбы: Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау

Зерттеудің өзектілігі:

Педагогтардың кәсіби даярлығын реформалау мемлекеттің ұлттық саясатының құнды басымдықтары қатарынан табылады. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың Халыққа Жолдауында мұғалімдер даярлауға өзгерістер енгізудің бірқатар шаралары көрсетілген болатын.

Президент: «...сапалы білім беру – Қазақстанның индустриясы мен инновациялық дамуының негізіне айналуы тиістігін» атап өткен. Ендеше бұл ретте болашақ педагогтың бәсекеге қабілетті болуы, кәсіби құзыретті, практикалық тәжірибеге бейім келуі, өзінің болашақтағы кәсіби іс-әрекетіне қызығуы, кәсіби іскерліктері мен дағдыларының қалыптасуы, білікті маман болуы, яғни оның инновациялық дамуының алғышарттары бола алады, дегенмен де бүгінгі сұранысқа сай болашақ педагогтердің даму компоненттері ақпараттық білім, оны құру және жобалай алуы арқылы жүзеге асады.

Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бап 9-тармағында: «...оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану», - деп атап көрсетілген. Мұндағы болашақ маманның өз кәсіби қызметінде мейлінше, кең әрі тиімді түрде оқытудың жаңа технологияларын қолдану, заман талабына сай, қоғам өзгерісіне лайықты құзыретті, өзгерістерге бейімделу деңгейі жоғары, ақпараттық технологияларды енгізуге қабілетті болуын көздеп отыр. Алайда бұл айтылғандардың барлығы дерлік білім негізі қаланатын бастауыш білім саласынан бастап ұйымдастырылуы қажет деп ойлаймыз. Сондықтан болашақ бастауыш сынып педагогтері ЖОО-да оқушының ақпараттық білім ортасын жобалай алуға кәсіби даярлануы өзекті болып отыр.

Зерттеу мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауды теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін эксперимент жүзінде тексеру, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдеріс.

Зерттеу әдістері:

– теориялық зерттеу әдістері: философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау; контент-талдау, модельдеу,

теориялық негіздеу, нақтылау, ҚР білім беру саясатының нормативті-құқықтық құжаттарымен танысу; озық тәжірибелерге талдау жасау;

– эмпирикалық зерттеу әдістері: іс-әрекет нәтижелерін салыстырмалы талдау; сауалнама, тестілеу, диагностикалық әдістемелер, математикалық өңдеу әдістері мен тәсілдері.

Негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа тұжырымдар): *егер* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың мәні мен құрылымы, өзара байланысы анықталып, оның әдістемелік жүйесі дайындалса, құрылымдық-мазмұндық моделі шығармашылықпен жүзеге асырылып, әдістемесі әзірленіп тәжірибеге ендірілсе, *онда* болашақ мамандарды оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың жоғары деңгейіне қол жеткізу мүмкін болады, *өйткені* оқушылардың ақпараттық білім ортасы қоғам сұранысын қанағаттандырады, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық жағдайда кәсіби дамуына мүмкіндік алады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

– ақпараттық білім ортасы – көп өлшемді, өзіндік ұйымдасу қасиеті болатын, студенттің болашақ маман ретінде танымдық, кәсіби, шығармашылық қабілеттерінің дамуына және жеке тұлға ретінде қалыптасуына тірек болатын ерекше білімдік орта. «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауы – білім алушылардың өз әрекетін ұйымдастырушылық-педагогикалық тұрғыдан басқарып, сапалы білім алуына ықпалын тигізетін, өзара байланысқан құрылымды білдіретін ақпараттық білім беру кеңістігі».

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауда әдіснамалық тұғырлар (жүйелілік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, ақпараттық тұғырлар) мен әдіснамалық қағидалар (білім берудің үздіксіздігі қағидасы, гуманистік қағидасы, интеграция қағидасы, ашықтық қағидасы, ақпараттық мәдениет қағидасы, білім берудің іргелілігі мен тұтастығы қағидасы) басшылық жасайды;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың жүйесі келесідей қамтамасыздандырылады: болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық білім ортасын жобалау үдерісінде субъектілік ұстанымын қамтамасыздандыру; болашақ маманды өз бетімен жобалау құруға белсенді қатыстыру; жағымды ақпараттық білім ортасы мен психологиялық климат құру; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауға тиімді формалар мен әдістерді, технологияларды белсенді пайдалану; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауын есепке алу;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі өзара сәйкестіктегі мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық іс-әрекеттік,

бағалаушылық-рефлексиялық компоненттер бірлігін, оған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштерді, жоғары, орта және төмен деңгейлерін қарастырады;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемесі: «Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» тақырыбындағы элективті курс бағдарламасы; «Бастауыш мектепте ақпараттық білім ортасын жобалау» атты әдістемелік құрал дайындалып және педагогикалық эксперименттен өткізіп, оның тиімділігін дәлелдеп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік жүйесі дайындалған;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент нәтижелерінде дәлелденген.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздеу:

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі ізденушінің зерттеу мәселесін алыс жақын шетел ғалымдарының еңбектеріне талдау жасалынып, сондай ақ, өзектілігін анықтау шаралары нормативтік-құқықтық құжаттар мен білім беру саясатының қағидаларына сәйкес қабылданған стратегиялық даму бағдарламаларымен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда зерттеу тақырыбы аясында жүйелілік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, ақпараттық тұғырлар басшылыққа алынған.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі докторант «орта», «білім ортасы», «ақпараттық білім ортасы», «жобалау» ұғымдарының мәнін талдауда философиялық, психологиялық және педагогикалық құрылымдық мәні жағынан сараланып және ұғымдық-категориялық аппараты құрылып, «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауы – білім алушылардың өз әрекетін ұйымдастырушылық-педагогикалық тұрғыдан басқарып, сапалы білім алуына ықпалын тигізетін, өзара байланысқан құрылымды білдіретін ақпараттық білім беру кеңістігі» деп нақтыланған.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі ұсынылған зерттеу нәтижесі ретіндегі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі арқылы дәлелденеді. Модельде мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексиялық компоненттер түзіліп, оның мазмұнына сай өлшемдер мен көрсеткіштер және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталып, өзара тығыз байланыста жүзеге асатын тұтас құрылым ретінде қарастырылған.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауға бағытталған әдістеме «Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» атты элективті курс бағдарламасының жасалынумен, «Бастауыш мектепте ақпараттық білім ортасын жобалау» әдістемелік құралмен дәйектеледі.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Цифрлы Қазақстан», «Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» және ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдаулары жүзеге асырылып, білім беру ісінде субъективті идеяларымыздың қолданысқа түсуіне толықтай мүмкіндік беріп отыр.

Осы маңызды құжаттардың ішінде, Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Халыққа Жолдауында: «Жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған түлектер санын көбейту керек» - деп атап көрсетті. Ендеше бұл жолдар ЖОО-ның тұрақты дамуына септігін тигізері анық.

Докторанттың әр басылымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы:

Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 7 мақала жарық көрді. Соның ішінде 1-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда

1. «Teachers' Views on the Use of Information and Communication Technologies (ICT) in Education Environments». International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET) Volume. 16, No. 03, (2021) 261-273. (Co-authored by Zhumabayeva Aziya, Sartayeva Nazgul, Zhamila Zulkarnayeva, Lebedeva Larisa, Umirbekova Akerke., 70%).

Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 3-еуі жарияланды:

1. Болашақ маманның ақпараттық білім ортасы моделін іске асырудың әдістемелік ерекшеліктері. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми журналы. №10/1(141) 2020 ж. – Алматы қ. - 132-136 б.(100%)

2. Болашақ маманның ақпараттық білім ортасын педагогикалық жобалаудың психодидактикалық аспектілері. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми журналы. №6/2 2020 ж. – Алматы қ. - 194-198 б. (Қосалқы автор: Кеңесбаев С.М., 70%).

3. Бастауыш мектепте дене тәрбиесі сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану. «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» ғылыми – теориялық журналы. №3 (61) 2020 ж – Алматы қ - 97-103 б. (100%)

Отандық халықаралық конференция материалдар басылымдарда 3 мақала жарық көрді:

1. Ақпараттық білім берудің нормативтік құжаттардағы орны. «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы «Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты». «Білім және ғылымдағы инновациялар» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясы. 21-22 қазан 2017 жыл. Алматы. 104-110 б. (Қосалқы автор: Жетпісбаева Г.О., 60%).

2. Ақпараттық қоғамдағы білім беру жүйесін жетілдірудің қазіргі заманғы үрдістері. «Үздіксіз педагогикалық білім беру мәселелері: дәстүр және инновациялар»: Еуразиялық педагогикалық университеттер қауымдастығының Халықаралық форум жинағы. 4 қазан 2018 жыл. Алматы. 154-158б. (Қосалқы автор: Гехан Атик., 60%).

3. Жоғары оқу орнында ақпараттық-білім беру ортасын жобалаудың тұжырымдамалық негізі. Профессор Е.Ы. Бидайбековтың 75-жылдығына және мектеп информатикасының 35-жылдығына арналған «Математикалық модельдеу мен ақпараттық технологиялар білімде және ғылымда» атты ІХ Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағы. 1-3 қазан 2020. Алматы. 314-318 б. (Қосалқы автор: Кеңесбаев С.М., Махметова А.А., 80%).

Бұл жарияланымдар докторанттың диссертация мазмұнына байланысты, алынған нәтижелерге сәйкес негізінен жеке орындаған еңбектер болып табылады.